

1997 жылғы 10 маусымдағы Еркін сауда туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасы Үкіметі арасындағы келісімге өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы хаттама жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 мамырдағы N 491 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 1997 жылғы 10 маусымдағы Еркін сауда туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасы Үкіметі арасындағы келісімге өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда вице-министрі Болат Советұлы Смағұловқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат ете отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан 1997 жылғы 10 маусымдағы Еркін сауда туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасы Үкіметі арасындағы келісімге өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы хаттама жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

**1997 жылғы 10 маусымдағы Еркін сауда туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Әзірбайжан
Республикасы Үкіметі арасындағы келісімге
өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы
ХАТТАМА**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі 1997 жылғы 10 маусымдағы Еркін сауда туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасы Үкіметі арасындағы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) 18-бабына сәйкес мына төмендегілер туралы келісті:

1. Келісімге мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) 2-баптың 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тараптар оларға қатысты осы алып қоюлар қолданылатын тауарлардың келісілген номенклатурасын қамтитын Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасындағы еркін сауда режимінен алып қоюдың кезең-кезеңмен күшін жоюдың қоса беріліп отырған кестесіне сәйкес Қазақстан Республикасы мен

Әзірбайжан Республикасының арасында қолданылатын еркін сауда режимінен алып қоюдың күшін жоюға келісті.

3. Осы Келісімнің мақсаты үшін және оның қолданылу кезеңінде Тараптар мемлекеттерінің кеден аумақтарынан шығарылатын тауарлар деп олардың шыққан жері Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Үкіметтерінің Басшылары Кеңесінің 2000 жылғы 30 қарашадағы шешімімен бекітілген Тауарлардың шығарылған елін айқындау ережесіне сәйкес айқындалған тауарлар түсініледі.";

2) осы Хаттамаға қосымшаға сәйкес қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы Хаттама Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күнінен бастап күшіне енеді.

2005 жылғы "___" _____ қаласында әрқайсысы қазақ, әзірбайжан және орыс тілдеріндегі екі түпнұсқа данада жасалды және барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Хаттаманың ержелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Әзірбайжан Республикасының

Үкіметі үшін

1997 жылғы 10 маусымдағы
Еркін сауда туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметі
мен Әзірбайжан Республикасының
Үкіметі арасындағы келісімге
өзгерістер мен толықтыру
енгізу туралы хаттамаға

қосымша

1997 жылғы 10 маусымдағы
Еркін сауда туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметі
мен Әзірбайжан Республикасы
Үкіметі арасындағы келісімге

қосымша

**Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы
арасындағы еркін сауда режимінен алып қоюдың
кезең-кезеңмен күшін жою кестесі**

ТМД коды	СЭҚ	ТН	Атауы	Алып қоюдың күшін жою мерзімі
1			2	3

Әзірбайжан Республикасынан олардың импорты кезінде
Қазақстан Республикасының еркін сауда режимінен алып
қоюға жататын тауарларға қатысты

22-топ (2201, 2202 және 2209-дан басқа)	Алкогольдік және алкогольсіз сусындар	2006 жылғы 1 шілде
Мыналарды қоспағанда:		
2207 10 000	Ұйытылмаған этил спирті, 80 айн. % немесе одан астам спирт қоспасымен	2012 жылғы 1 қаңтар
2207 20 000	Ұйытылған, кез келген қоспадағы этил спирті және өзге де спирттер	2012 жылғы 1 қаңтар
2208 90 910	Сыйымдылығы 2 л немесе одан да кем ыдыстардағы ұйытылмаған этил спирті, 80 айн. %-дан кем спирт қоспасымен	2012 жылғы 1 қаңтар
2208 90 990	Сыйымдылығы 2 л астам ыдыстардағы ұйытылмаған этил спирті, 80 айн. % кем спирт қоспасымен	2012 жылғы 1 қаңтар
24-топ	Темекі және темекінің өнеркәсіптік алмастырғыштары	2006 жылғы 1 шілде
Қазақстан Республикасынан олардың импорты кезінде Әзірбайжан Республикасының еркін сауда режимінен алып қоюға жататын тауарларға қатысты		
2203, 2204, 2205, 2206, 2208 20, 2208 30, 2208 40, 2208 50, 2208 90 110, 2208 90 190, 2208 90 330, 2208 90 380, 2208 90 480, 2208 90 780	Ликер-арақ және басқа да спирт өнімдері	2006 жылғы 1 қаңтар
2207 10 000	Ұйытылмаған этил спирті, 80 айн. % немесе одан астам спирт қоспасымен	2012 жылғы 1 қаңтар
2208 90 910	Сыйымдылығы 2 л немесе одан да кем ыдыстардағы ұйытылмаған этил спирті, 80 айн. %-дан кем спирт қоспасымен	2012 жылғы 1 қаңтар

2208 90 990	Сыйымдылығы 2 л астам ыдыстардағы ұйытылмаған этил спирті, 80 айн. %-дан кем спирт коспасымен	2012 жылғы 1 қаңтар
2402 20	Құрамында темекі бар сигареттер	2006 жылғы 1 шілде

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК